



«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҮЗДІГІ – 2018»

31.05.2018 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау бағдарламасы «Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ Ж О Ф м е д и ц и н а қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай, «Денсаулық сақтау жүйесінің үздігі – 2018» атты аймақтық кәсіби байқауы өтті.



БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРЫМЕН ОТЫРЫС

24.05.2018 ж. Колледждің белсенді жастарымен кеңейтілген отырыс өткізілді. Студенттік кеңестің төрағасы Серікұлы Еркебұлан, «Жас Алаш» пікірсайыс клубының төрайымы Аксанди Еңлік және «Қазақстан студенттерінің Альянсы» Жамбыл медициналық колледжі бөлімшесінің төрайымы Елубай Нұрайдың жылдық есептері тыңдалды. Сонымен қатар колледждің студенттік кеңестің ережесіне сәйкес көшбасшылар орындарынан босатылып, жаңа тағайындаулар болды. Олар: студенттік кеңестің төрағасы орнына Қыпшақбаев Ермек, орынбасары Тамбес Қанат, «Жас Отан» жастар қанатының Жамбыл медициналық колледжі бөлімшесінің көшбасшысы Шернияз Арайлымның орнына Омар Диана тағайындалды. Отырыс соңында жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д. Уркимбаева жаңа көшбасшыларды құттықтап, колледждің мәртебесін әрқашан биіктетуге өз үлестерін қосады деген сенімін білдірді.

КЕЗДЕСУ

24.05.2018 ж. Д.А.Қонаев атындағы Жамбыл облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының әдіскері Ж.Таттимбетова колледждің студенттеріне «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру «Қоғамдық санасын жаңғырту» тақырыбында кездесу өткізді.

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

«ДІН ЖӘНЕ ЖАСТАР»

21.05.2018 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің «Дін проблемаларын зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы шеңберінде, Жамбыл медициналық колледжінің студенттерімен «Дін және жастар» тақырыбында кездесу өткізілді. Іс-шараға қатысушылар: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы, философия ғылымдарының докторы Б.Қ. Бейсенов, Нұр Мұбарак Египет ислам мемлекеттік университетінің доценті Қ.А. Затов, Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің тарих ғылымдарының доценті С.Қ. Оразбай, Жамбыл облысы әкімдігінің «Дін проблемаларын зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Е.Ж. Джакипов және «Жамбыл облысы «Қазақстан студенттерінің Альянсы» Жастар қоғамдық бірлестігінің көшбасшысы Ә.Ж.Мұратбаев.




ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Жамбыл облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ басшылығымен, Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, Тәуелсіз еліміздің жетістігін насихаттау мақсатында «Астана – отанымыздың жүрегі, Тәуелсіздігіміздің тірегі» атты эссе жазу байқауына қатысқаны үшін, 104 топ студенті Хасанханова Д. II дәрежелі дипломмен, 218 топ студенті Д. Дуйсенова III дәрежелі дипломмен, 115 топ студенті Гафурова Р. 115 топ студенті Асимова Д. алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен, жетекшілері Мәдімарова Ә.Т., Абдраимова Н.Ж. алғыс хаттармен марапатталды.



04.06.2018 ж. сағат 9.30-да Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Е.Манжуовтың Жамбыл облысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспарының 14 тармағында бір мезгілде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін Жамбыл медициналық колледжінің оқытушылары мен студенттері орындады.



01.06.2018 ж. 1 маусым «Халықаралық балаларды қорғау» күніне орай «Нұр Отан» партиясы «Алау» бастауыш партия ұйымының төрайымы, Жамбыл медициналық колледжінің директоры Ж.Сарыбекованың қолдауымен колледждің белсенді студенттері «Нұр Отан – балаларға» атты №4 әлеуметтік қызмет ұсыну орталығында Республикалық қайырымдылық акциясын өткізді.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ



05.06.2018 ж. 5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай колледжде «Қоршаған ортаны қорғау – баршаға ортақ міндет!» тақырыбында жастар акциясы өткізілді. Іс-шара барысында колледждің белсенді студенттері флеш-мобқа қатысып, патриоттық әндер орындады. Сонымен қатар, Жамбыл облысы әкімдігі табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Керімбекова Нағима Тұрғынбекқызы, «Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық филиалы «Алау» бастауыш ұйымының төрайымы, Жамбыл медициналық колледжінің директоры Сарыбекова Жамиля Нурғалиевна мерекелені құттықтап, «Теңіздің тұнық болуы-бұлақтардан» дегендей табиғатты қорғау, мәселесіне ақылмен, білгірлікпен және ұтымды жолмен жүргізудің өзіміз үшін де, келесі ұрпақтар үшін де маңызы зор екенін жастарға атап өтті. Акцияны ұйымдастырушылар: облыс әкімдігі табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, Жамбыл медициналық колледжі және Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігі.

4 МАУСЫМ ҚР РӘМІЗДЕР КҮНІ

1 МАУСЫМ «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ» КҮНІ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ПӘНІ АПТАЛЫҒЫ

АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫ

2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ҮЙІРМЕ ЖҮМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП БЕРУ ОТЫРЫСЫ

КЕШКІ БӨЛІМДЕГІ ЕМТИХАН

МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

СЕМИНАР

АШЫҚ ҮЙІРМЕ ОТЫРЫСЫ

31 МАМЫР – АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ЖИТС-НАН ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАРДЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЕСКЕ АЛУ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН АКЦИЯ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АРТЕРИЯЛЫҚ ҚАН ҚЫСЫМЕН КҮРЕС КҮНІ

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҮЗДІГІ – 2018»

БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРЫМЕН ОТЫРЫС

КЕЗДЕСУ

«ДІН ЖӘНЕ ЖАСТАР»

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ПӘНІ АПТАЛЫҒЫ

04.06.2018ж. № 1 Жалпы білім беру және гуманитарлық пәндері ЦӘК төрайымы К.Ж. Байбосынованың басшылығымен пәндік апталығын өткізді. Апталық барысында келесі іс-шара жүзеге асырылды. Орыс тілі және әдебиет пәні апталығының ашылуы. Викторина: «Знаешь ли ты русский язык?» I курс студенттер арасында өтті.

05.06.2018 ж. ЦӘК оқытушылары К.Ж. Байбосынова, Э.Б.Бердалиева, Р.Ж. Конашева. «Астана, устремлённая в будущее» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауын I, II курс студенттер арасында өткізді.

Байқаудың нәтижесі: Номинациялар: «Самое выразительное исполнение» Серикова Д. 105 топ «Мейіргер ісі», «Самое яркое исполнение» Уезханова А. 112 топ «Емдеу ісі», «Самое патриотическое стихотворение» Перзентбай Д. 115 топ «Емдеу ісі»

06.06.2018 ж. ЦӘК оқытушылары мен кітапханашылар «Книги-юбилары» атты орыс ақындары мен жазушыларының кітап көрмесін өткізді.

07.06.2018 ж. Орыс тілі пәні оқытушысы К.Ж.Байбосынова Кәсіби орыс тілі пәнінен «Мейіргер ісі» бөлімі, 207 топта «Туберкулез». Определение. Выражение определений. тақырыбында ашық сабақ өтті.

08.06.2018 ж. Орыс тілі пәні оқытушылары А.О.Бейсенбаева, Л.К.Мейрманова «Мир поэзии Есенина» атты поэзия кешін өткізді.

АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫ



11.05.2018 ж. Халықаралық мейіrbике күніне орай 215 топ кураторы Д.Е.Жусупова «Мейіrbике ісі» бөлімінің меңгерушісі Ж.Б.Мырзагулова, колледжішілік «Медицинская сестра – символ света и добра» атты іс-шара өтті.



31.05.2018ж. «Мейіргер ісі» бөлімі 102 топ студенттерімен тарих пәнінің оқытушысы Ш.Т. Маманова 31-мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған «Қасіретті жылдар жаңғырығы» тақырыбында колледжішілік ашық тәрбие сағатын өткізді.



04.06.2018 жылы «Мейіргер ісі» бөлімі, меңгерушісі Тұрғынбекова С.С., 208 топ кураторы Бекмурзаева Д.Т. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік

революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауы аясында Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағытының 4 маусым – Қазақстан Республикасының рәміздер күніне арналған «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтаныш» тақырыбында колледжішілік ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: студенттерді мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, мақтан тұтуға, Отанды сүйуге және өз Отанының патриоты болуға тәрбиелеу. Қазақстан Республикасы рәміздерінің авторларымен таныстыру.



18.05.2018 ж. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауы аясында, қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағыты бойынша информатика пәнінің оқытушысы А.А. Мынжасарова «Емдеу ісі» бөлімі 113 топта «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – баянды болашақтың кепілі» тақырыбында колледжішілік ашық тәрбие сағатын өткізді.

25.05.2018 жылы Жамбыл облысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің терроризмге қарсы орталық бөлімінің қызметкері Нигметов М.Ж., Жамбыл облыстық ІДӘҚКБ жедел уәкілі полиция полковнигі Жарасов А.А. және Жамбыл облысы ІД



экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі полиция аға лейтенанты Д. Сәуірбаев колледж оқытушылары мен студенттеріне «Діни экстремизм және терроризмнің алдына алу» тақырыбындағы дәріс өткізіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

25.05.2018 жылы ҚБАЗ меңгерушісі Р. Усеновтің ұйымдастыруымен Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ Қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету тобының инспекторы полиция аға лейтенанты Абдрахманов Айдын Жанарович және Тараз қаласы ІІБ



ЖПҚ УПИ полиция аға лейтенанты Холашов Серік Аярбекұлы «Жол қауіпсіздігі» «Құқық бұзушылықтың алдын алу» «Интернет ойындары» «Абайлаңыз балалар!» жолда жүру ережесі тақырыптарында 101, 105, 106, 111 топ студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

СЕМИНАР



Семинарға колледж оқытушылары қатысты.

14.05.2018 ж. колледжде халықты ақпараттандыру бөлім маманының қатысуымен «Міндетті элеуметтік медициналық сақтандыру» тақырыбы бойынша Д.С.Бурханов семинар өткізді.

АШЫҚ ҮЙРМЕ ОТЫРЫСЫ



18.05.2018 ж. Қ.О. Чинасилованың жетекшілігімен «Информатика» пәні бойынша «Галилео» үйірмесінде «Мейіrbике ісі» бөлімі 206, 305, 306, 310 топ студенттері арасында «Ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың медицинадағы ролі мен қолданылуы» тақырыбында ашық отырысы өткізілді.

31 МАМЫР – АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

30.05 – 31.05. 2018 жыл аралығында Жамбыл медициналық колледжінде кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен, Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында, 31 мамыр – ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай, I, II курс студенттеріне библиограф А.А.Сапарбаева кіріспе сөзінде қуғын-сүргін зобалаңы туралы түсіндіріп, «Қармен жуылған қан» атты деректі фильм көрсетілді.



ЖИТС-НАН ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАРДЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЕСКЕ АЛУ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН АКЦИЯ

15.05.2018 ж. ЖИТС орталығы қызметкерлері және колледждің 113 топ студенттері Тұңғыш Президент саябағында ЖИТС-нан қайтыс болғандарды дүниежүзілік еске алу күніне арналған акцияны өткізді. Бұл шараның мақсаты ЖИТС-нан қайтыс болған адамдарды еске алу, АИВТ/ЖИТС өмір сүретіндерге ізеттілік таныту. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева



14.05.2018 ж. Қолбасшы Қойгелді көшесі №158 «А» мекен - жайында орналасқан «Халыққа қызмет көрсету орталығында» «Жамбыл облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелер орталығының» ұйымдастыруымен Дүниежүзілік артериялық қан қысымен күрес күніне орай өткізілген акцияға колледждің 208 топ студенттері белсене қатысты. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АРТЕРИЯЛЫҚ ҚАН ҚЫСЫМЕН КҮРЕС КҮНІ



14.05.2018 ж. Қолбасшы Қойгелді көшесі №158 «А» мекен - жайында орналасқан «Халыққа қызмет көрсету орталығында» «Жамбыл облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелер орталығының» ұйымдастыруымен Дүниежүзілік артериялық қан қысымен күрес күніне орай өткізілген акцияға колледждің 208 топ студенттері белсене қатысты. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева

2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

01.06.2018 жылы Қазақстан Республикасының денсаулық саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында «Тұрғындардың денсаулығын нығайту-мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму факторы» тақырыбында үйірме жұмысының 2017-2018 оқу жылындағы қорытынды ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Мақсаты: студенттердің ізденушілік дағдыларын қалыптастыра отырып, таңдаған мамандықтары бойынша білімдерін тереңдету, студенттердің шығармашылық ойлау, аналитикалық, болжамдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту, теориялық және тәжірибелік білімдерін бекіту.

Сараптау комиссиясы:

Комиссия төрайымы: Қуанышбекова Л.Т.- Жамбыл медициналық колледжі директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Комиссия мүшелері: Андакулова Қ.Т.- Жамбыл медициналық колледжі директорының оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары. Жапаркулова Ф.К.- Жамбыл медициналық колледжінің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы. Иманбекова Ж.Б.- Жамбыл медициналық колледжінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Батаева Л.К.- Жамбыл медициналық колледжінің әдіскері.

Мейрманова Л.К.- Жамбыл медициналық колледжі директорының тәрбие ісі жұмысының меңгерушісі.

Конференция 2 кезеңнен тұрды:

«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» колледішілік инновациялық идеялар байқауы түрінде пәндік үйірмелер арасында қолданыстағы модельдер мен макеттерді әзірлеу саласындағы медициналық құрастырулар мен элементтер бойынша; «Тұрғындардың денсаулығын нығайту-мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму факторы» тақырыбында 2017-2018 оқу жылындағы үйірме жұмысының қорытындысы;

Сараптау комиссиясының I кезең бойынша шешімі:

I дәрежелі диплом – «Шипагер» үйірмесі, жұмыс авторы: «Емдеу ісі» бөлімі, 322 топ студенті Балибай А., жетекшісі: Серкебаева А.К.

II дәрежелі диплом – «Аялы алақан» үйірмесі, жұмыс авторы: «Емдеу ісі» бөлімі, 303 топ студенті Хализова А., жетекшісі: Джантасова Р.У.

III дәрежелі диплом – «Флора» үйірмесі, жұмыс авторы: «Фармация» бөлімі, Айдарбекова А., жетекшісі: Нурбаева Р.Т.

Номинациялар:

«Жақсы шығармашылық жұмысы үшін» – «Занимательная грамматика», жұмыс авторы: «Мейіргер ісі» бөлімі, 208 топ студенті Турысбекова Ж., жетекшісі: Бердалиева Э.Б.

«Ізденімпаздығы үшін» – «Ізденуші биолог» үйірмесі, жұмыс авторы: «Мейіргер ісі» бөлімі, 206 топ студенті Үсен А., жетекшісі: Еркебаева А.К.

«Жаңашылдығы үшін» – «Адал жандар» үйірмесі, жұмыс авторы: «Мейіргер ісі» бөлімі, 213 топ студенті Сүйінбекұлы К., жетекшісі: Махамбетқұл Л.М. марапатталды.

Сараптау комиссиясының II кезең бойынша шешімі:

I орын: «Авиценна» үйірмесі, жұмыс авторы: «Медбикелік іс» бөлімі, 304 топ студенті Елубай Н., жетекшісі: Бөпеева А.Р.

II орын: «Юный химик» үйірмесі, жұмыс авторы: «Емдеу ісі» бөлімі, 114 топ студенті Суханов Д., жетекшісі: Мальцева К.А.

III орын: «Жас эколог» үйірмесі, жұмыс авторы: «Емдеу ісі» бөлімі, 108 топ студенті Қалыбаева Б., жетекшісі: Көбегенова А.Т. мақтау қағаздарымен марапатталды.

Номинациялар:

«Жақсы шығармашылық жұмысы үшін» – «Балауса» үйірмесі, жұмыс авторы: «Мейіргер ісі» бөлімі, 215 топ студенті Мирзаева Э., жетекшісі – Жусупова Д.Е.

«Жақсы шығармашылық жұмысы үшін» – «English in action» үйірмесі, жұмыс авторы: «Медбикелік іс» бөлімі, 305 топ студенті Мухамеджанов К., жетекшісі: Шарипова Ж.Ш.

«Жаңашылдығы үшін» – «Галилео» үйірмесі, «Медбикелік іс» бөлімі, 306 топ студенті Кеменгерова А., жетекшісі: Чинаилова Қ.О.



ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП БЕРУ ОТЫРЫСЫ

6.06.2018 ж. Әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен жас мамандармен «Жарқын болашақ иесі-бүгінгі жас маман» атты қорытынды есеп беру кеші жоғары деңгейде өтті. Кешті колледж әдіскері Л.К.Батаева жүргізді.

Кеш 4 кезеңнен өтті:

I кезең - Ұйымдастыру кезеңі.

II кезең - Жас мамандармен жұмыс.

III кезең - Жоғары топқа өтетін оқытушылар есебі.

IV кезең - Жас мамандармен 2017-2018 оқу жылында атқарылған жұмыстар қорытындысы. Кеш жарыс, пікір алысу, тренингтер, жұмыстың нәтижесімен тәжірибе алмасу, іскерлік ойындар, топтық шешім қабылдау, сұрақ - жауап түрінде өтті. Әдістемелік кабинет жас мамандардың 2017-2018 оқу жылында атқарған жұмыстарын сараптады. Жоғары топқа 5 оқытушы өтті: М.Л.Ералиев, Р.Т.Нұрбаева, С.Ш.Куппанова, Р.О.Джантасова, Ә.Л.Бөпеева.

Кеш соңында жас мамандарға өз тәжірибесімен бөліскен, көмек көрсеткен тәлімгер мен белсенділік танытқан оқытушылар еңбегі еленіп, Мақтау қағаздар мен Алғыс хаттармен марапатталды. Кеш «Тек Алға» әнімен аяқталды.



КЕШКІ БӨЛІМДЕГІ ЕМТИХАН

16.04-27.04.2018 жылы Жамбыл медициналық колледжінде кешкі бөлім «Медбике ісі» мамандығы бойынша №51, №52, №53, №54 бітіруші топтарда мемлекеттік кешенді емтихан өткізілді. №51, №53 топтарының комиссия мүшелері: ҚА теориялық және тәжірибелік бөлімінің комиссия төрайымы:

А.А. Кабдрахимова Жамбыл облыстық туберкулезге қарсы балалар санаториясының бас дәрігері.

КҚА теориялық және тәжірибелік бөлімінің мүшелері:

Терапиядағы медбике ісі – Д.М. Нурбаева,

Ж.Ж. Жайпанов. Хирургиядағы медбике ісі –

Н.Е. Темірбеков, Г.Б. Бутинбаев. Педиатриядағы медбике ісі – С.Ш. Джунисбекова. Акушерлік және гинекологиядағы медбике ісі – О.С. Баймолдаева, Г.Ш. Жамирова. Мейірбике ісінің негіздері –

Л.Бокулиева, А.К. Бейсенова. Топ бітірушілерінің кешенді қорытынды аттестация қорытындысы: үлгерімі – 100%, 100%, сапалық көрсеткіші - 75%, 67%, орта балл – 3,8, 3,5.

№52, №54 топтың комиссия мүшелері: ҚА теориялық және тәжірибелік бөлімінің комиссия төрайымы: Сарсенова Д.А., №5 қалалық емхананың бас дәрігері. КҚА теориялық және тәжірибелік бөлімінің комиссия мүшелері: Терапиядағы медбике ісі – І.К.Оспанова, Г.Г.Касымова.

Хирургиядағы медбике ісі – А.А. Қожабергенов, А.К.Ембердиев. Педиатриядағы медбике ісі – А.Е. Абилова, Ш.И. Шумаева. Акушерлік және гинекологиядағы медбике ісі – А.Ж. Жубатова, К.С. Тулегенова. Мейірбике ісінің негіздері – Г.Б. Назарбекова, Г.М. Елеуова. Топ бітірушілерінің кешенді қорытынды аттестация қорытындысы: үлгерімі – 100%, 95,5%, сапалық көрсеткіші - 90%, 75%, орта балл – 3,9, 3,8. Жалпы білімгерлердің оқу үлгерімі – 99%, оқу сапасы – 76,8%.

МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН



22.05-12.06.2018 жыл аралығында «Мейіргер ісі», «Емдеу ісі», «Фармация» бөлімдерінің II курс студенттері «Қазақстан тарихы» пәнінен мемлекеттік емтихан тапсырды.

Мемлекеттік емтиханға

төрағалары М.Х.Дулати атындағы ТарМУ-нің «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Е.К.Серікбаев, ТарМПУ-нің «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Б.А.Джурсунбаев, ТарМПУ-нің «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы Б.К.Таңатаров, ТарМПУ-нің «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы Г.Б.Идрисова.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

28.05.2018 жылы Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ-ның КТІЖ УПИ полиция капитаны Холашов Серік Аярбекұлы және Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ-ның КТІЖ УПИ полиция аға лейтенанты Данекеев Дидар Қабландиевич «Қылмыстың алдын алу» тақырыбында 101, 103, 107, 113 топ студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



26.05.2018 жылы Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ Қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету тобының инспекторы полиция аға лейтенанты Абдрахманов Айдын Жанарович «Жол қауіпсіздігі» «Абайлаңыз балалар!» жолда жүру ережесі тақырыптарында 107, 108, 110, 113 топ студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

